Келісемін:
Сынып жетекшілер отырысының
төрайымы Исина А.С.
« 19 » қыркүйек 2023 ж.

Бекітемін:
Гимназия директоры
К.А. Муканова
« 19 » қыркүйек 2023 ж.

# «Сафуан Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназия» КММ
# Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі КЕШЕНДІ ЖОСПАР

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:**
Абжанова Светлана Асқатқызы

**Петропавл қ., 2023жыл**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

1) ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

2) халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

3) әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

## «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік,қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

## Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

**<u>Ұлттық мүдде құндылығы:</u>**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

*Күтілетін нәтижесі:*

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары;

**<u>Ар-ұят құндылығы:</u>**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жән ежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

*Күтілетіннәтижесі:*

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзінеберік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;  - Достарын, сыныптастарын сыйлайды;- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

*Күтілетін нәтижесі:*

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

## Гимназия миссиясы

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функциональдық сауаттылық дағдылары бар, бәсекеге қабілетті бола алатын тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері:**

1) «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді;

2) оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысы, меңгеруші (әдіскері), директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:**

1) тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

2) тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

3) тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

4) тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді;

5) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтап, аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағатын сабақ кестесіне ендіру ұсынылады.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлар:**

1) салауатты өмір салтына ынталандыру;

2) сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

3) білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

4) білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу; аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағатын өткізу.

**Білім беру ұйымдары мен педагогтері:**

1) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Облыстық, қалалық білім басқармасына қарасты Білім-инновация лицейлері мен Мамандандырылған білім беру ұйымдарын (Дарын) «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мазмұнын жалпы мектептерге толық енгізу мақсатында тірек мектептер ретінде бекіту ұсынылады.

## ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

**2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:**ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП,АР ҰЯТ

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда **«Ата-аналар академиясын»** құру, сондай-ақ **«Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер»** жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс істшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

**Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау.**

**<u>МАҚСАТЫ:</u> балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту**

**<u>Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:</u>**

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

**«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР»** ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы

**Жобаның іс-шаралары:**

**«Ақындар айтысы»** поэтикалық сайыстары **–1 ТОҚСАН АҚЫНДАР АЙТЫСЫ**

**«Алтын сақа»** олимпиадасы – **2 ТОҚСАН АЛТЫН САҚА**

**«Ұлттық өнер»** көрмесі – **3 ТОҚСАН ҰЛТТЫҚ ӨНЕР**

**«Туған өлкем»** фестивалі – **4 ТОҚСАН ТУҒАН ӨЛКЕМ**

**Жобаның мақсаты:** қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

**Жобаның міндеттері:**

1) өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;

2) қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, оны одан әрі байытуын сақтау және дамыту;

3) халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіну негізінде білім алушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу;

4) қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау.

**«Тоғыз айға 9 іс-шара»** тұжырымдамасы

**Мақсаты:** «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында білім беру ұйымдарында іс-шаралар өткізудің мазмұнын мен бірыңғай тәсілдемесін әзірлеу.

**Міндеттер:**

1) іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай форматын әзірлеу;
2) іс-шараларды өткізудің бірыңғай форматы арқылы білім беру ұйымдары арасында ынтымақтастық орнату;
3) білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды дарыту.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспары

- **қыркүйек** Сергіту сәті
- **қазан** Әнұран айту
- **қараша** Асық ату
- **желтоқсан** Шығарма жазу: болашаққа хат
- **қаңтар** Қазақ есебі
- **ақпан** Оқуға құштар мектеп
- **наурыз** Домбырашылар
- **сәуір** Шахмат ойнау
- **мамыр** Жасыл мекен
-

**ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ**

**ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ**

**ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ**

**ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»АЙЫ**

**ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ**

**АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ**

**НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ**

**СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ**

**МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕНТАТУЛЫҚ АЙЫ**

## ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ БОЙЫНША АЙЛЫҚ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| *Күні* | *1 апта* | *2 апта* | *3 апта* | *4 апта* |
|---|---|---|---|---|
| *Дүйсенбі* | Хабарламалар<br>Сынып сағаттары<br>Оқушылардың оқу-құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы. Оқу сағаты | Хабарламалар<br>Сынып сағаттары<br>Оқушылардың оқу-құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы. Оқу сағаты | Хабарламалар<br>Сынып сағаттары<br>Оқушылардың оқу-құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы<br>Экология сағаты. Оқу сағаты | Хабарламалар<br>Сынып сағаттары<br>Оқушылардың оқу-құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы<br>Оқу сағаты |
| *Сейсенбі* | Бірлескен жұмыстарды жүргізу<br>Үйірме жұмыстарының жүргізілуін бақылау | Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін бақылау<br>Танымдық сағаттар | Бірлескен жұмыстарды жүргізу<br>Үйірме жұмыстарының жүргізілуін бақылау | Бірлескен жұмыстарды жүргізу<br>Танымдық сағаттар |
| *Сәрсенбі* | Ашық есік күн,<br>ашық тәрбие сағаттары, танымдық видеороликтер көрсету | Ашық есік күні,<br>ашық тәрбие сағаттары, танымдық видеороликтер көрсету | Ашық есік күні ,<br>ашық тәрбие сағаттары, танымдық видеороликтер көрсету | Құықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы, оқушылар рейд қорытындысы,<br>танымдық видеороликтер көрсету |
| *Бейсенбі* | Психологиялық сағаттар, құқықбұзушылықтың алдын алу жиналысы | Психологиялық сағаттар | «Адал ұрпақ» ұйымы жұмысын бақылау,<br>Психологиялық сағаттар | Психологиялық сағаттар |
| *Жұма* | Сыныптан тыс жұмыстар, спорттық жарыстар, кештер, диспуттар,<br>- кездесулер,<br>мерекелік іс- шаралар | Сыныптан тыс жұмыстар, спорттық жарыстар, кештер, диспуттар, кездесулер,<br>мерекелік іс- шаралар | «Өзін-өзі басқару»,<br>«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйым жұмысын бақылау<br>- | Келесі айға жұмыс жоспарын жасау<br>- |

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- *қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;*
- *5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар;*
- *Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидіңтуғанына 930 жыл;*
- *Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдіңтуғанына 80 жыл.*

**Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)**

| **№** | **Іс-шараның атауы** | **Мақсатты аудитория** | **Ұйымдастыру түрі** | **Аяқтау нысаны** | **Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы** | **Жүзеге асырушы жауапты мамандар** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | **Денсаулық фестивалі<br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы** | 1-11 сыныптар | Фестиваль | Фестиваль жоспары/іс-шар | ҚР ТСМ<br>ҚР ДСМ | Д/ш мұғалімдері<br>Спорт министрлігі |
| 2. | **«Дұрыс тамақтана білеміз бе?»<br>«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 1-4 сыныптар | Медбике сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ДСМ | Сынып жетекшілер |
| 3. | **Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл «Балалар кітапханасы»жобасы** | 5-11 сынып | Танымдық сағат | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 4. | **«Нақыл сөз айдары»<br>«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 5-11 сыныптар | Ұлағатты сөздер айдары | Анықтама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер, мектеп парламенті |
| 5. | **«Үлкенді сыйлағаның – болашақты ойлағаның»<br>«Ата – аналар мектебі» жобасы** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ЕХӘҚМ | Сынып жетекшілер |
| 6. | **«Ата мен әжемнің баласымын»<br>«Ата – аналар мектебі» жобасы** | 1-6 сыныптар | Бейнероликтер жәрмеңкесі | Бейнероликтер | ҚР ЕХӘҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |
| 7. | **«Күз сыйы»** қол-өнер бұйымдары<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 1-4 сыныптар | Көрме | Қол-өнер бұйымдары | ҚР МАМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>Бастауыш ӘБ |

## ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- *1 қазан -Қарттар күні*
- *5 қазан –Мұғалімдер күні*
- *25 қазан –Республик акүні*
- *Қазақ жазушысы,қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл*
- *Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы ,ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл*
- *Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлыны ңтуғанына 165жыл*
- *Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл*
- *Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл*
- *Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130жыл*
- *Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл*

**Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | **«Дублер күні»**<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | Ұжым | Ұстаздарды құрметтеу, мерекелік іс-шаралар | Іс-шаралар жоспары, анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>11 сынып,<br>мектеп парламенті |
| 2. | **Алаш азаматтары**<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 3. | **«Азаттықты аңсаған Алаш азаматтары»**<br>Алаш азаматтарын ұлықтау<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 8-11 сыныптар | Конференция | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ОМ | Аға тәлімгер,<br>мектеп парламенті |
| 4. | Халықаралық қыздар апталығы<br>**«Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы»** қыздарға арналған конференция<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** | 8-11 сыныптар | Конференция | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер,<br>мектеп психологтері,<br>әлеуметтік ұстаз, мектеп парламенті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | **«Қыздың көркі-бұрым»** акция | 1-11 сынып қыздары | Акция | Фоталар көрмесі, анықтама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер<br>1-11 сынып жетекшілері<br>Мектеп парламенті |
| 6. | **«Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы»**<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 7. | **Республика және гимназия күніне іс-шаралар ұйымдастыру** | 1-11 сыныптар | Жоспар, іс-шаралар | Жоспар, анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер |
| 8. | **«Әнұран айту челленджі**<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-11 сыныптар | Челлендж | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>сынып жетекшілер |
| 9. | **«Төрт тоқсан – төрт өнер»**<br>Ақындар айтысы бойынша іс-шаралар ұйымдастыру | 1-11 сыныптар | Іс-шаралар | Анықтама | ҚР МАМ | ДТІЖО Г.К.Кулушова<br>Аманжол Зағыпар |
| 10. | **«Менің отаным- менің мақтанышым! »**<br>25 қазан – Республика күні | 5-11 | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | Сынып жетекшілер |
| 11. | **«Сүйемін сені, менің Қазақстаным»**<br>салтанатты сап түзеу<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 5-11 сыныптар | Сап түзеу | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер |
| 12. | **«Тарихы мен тағылымы мол білім ордасы»** гимназияның туған күні | 1-4 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 13. | **«Тарихы мен тағылымы мол білім ордасы»** гимназияның туған күніне арналған | 7-11 сыныптар | Дөңгелек үстел | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ Сценарий | ҚР ОМ | 10 сыныптар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15. | **«Гимназия президенті»** гимназияішілік сайлау<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-11 сыныптар | Сайлау | Хаттама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер мектеп парламенті |
| 16. | **«Жас Ұлан», «Жас Қыран»** ұйымдарына қабылдау<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1, 5 сыныптар | Салтанатты жиын | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий, хаттама | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер Мектеп парламенті |
| 17. | **«Ата мен әжемнің баласымын»**<br>**«Ата – аналар мектебі» жобасы** | 2а | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Абишева К.С. |
| 18. | **«Адалдық жүрген жерде-адамдық жүреді»** ашық тәрбие сағаты<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 7а | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР СЖҚІА | Казеева С.М. |
| 19. | **«Әдепті бала-әдемі бала»**<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 3ә | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Окасова Г.М. |
| 20. | **«Оқырман мектеп-оқырман отбасы»**<br>**«Балалар кітапханасы»жобасы** | 3-4 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | 3 сынып жетекшілері |
| 21. | **«Экологиялық фестиваль»** | 5-10 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ЭТРМ | Мектеп парламенті География мұғалімі |
| 22. | **«Күз ханшайымы мен Күз ханзадасы-2023»** | 8-10 сыныптар | Сайыс | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | 9 сынып |
| 23. | **«Әкенің берген тәрбиесі -балаға өмірлік азық»** әкелерге арналған<br>**«Аға қамқорлығы» секциясы** | Ағалар, әкелер | Алқалы жиын | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | ДТІЖО, мектеп психологтері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 24. | **«Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы»**<br>**«Әже даналығы»**<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | **5-7 сынып қыздары** | Дөңгелек үстел | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ОМ | ДТІЖО, Жүкенова К.А. |
| 25. | **Төле би 360 жыл** | 7-11 сыныптар | Танымдық сағат | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, аға тәлімгер |
| 26. | **«Ұл бала-ұлт қорғаны»**<br>«Мектептегі мінез-құлық ережелері»<br>**«Ата өсиеті»** «Жеткіншектің жеті жарғысы» | 8-11 сыныптар ұлдары | Ұлдар жиыны, ардагерлермен кездесу | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, Нұрышев Т.Ғ |
| 27. | **«Туған өлкемнің дастарханы»** жәрмеңке | 1-10 сынып ата-аналары | Жәрмеңке | Хаттама | ҚР ОМ | Қамқоршылық кеңесі, ДТІЖО |
| 28. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»**<br>**«5- сынып бейімделуі»**<br>**«Мектептің ішкі тәртіп ережелері»**<br>Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 5-6 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |
| 29. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»**<br>**«Электронды темекі:Вейп»**<br>**«Мектептің ішкі тәртіп ережелері»**<br>Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 7-11 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ<br>ҚР, ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |
| 30. | **«Жас ұлан, мектеп парламенті» рейд**<br>Оқушылардың оқу құралдары және жалпы тазалығы, киім киісі бойынша рейд<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-11 сыныптар | Рейд | Анықтама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер<br>Жас ұлан ұйымы, мектеп парламенті |
| 31. | **Күзгі демалыс.** Каникул жоспары.<br>**«Қауіпсіздік»** журналы<br>**«Күзгі каникулда өмір қауіпсіздік ережелері»**<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** | 1-11 | Қолхат алу, жоспар құру | Жоспар, қолхат | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>Әлеуметтік ұстаз<br>Сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ**<br>➢ *15 қараша – Ұлттық валюта күні*<br>➢ *Күзгі демалыс*<br>➢ **Ұлттық ойындар күні . «Асық», «Бес тас» және басқа да ойындар өткізу** | | | | | | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)** | | | | | | |
| 1. | **Күзгі демалыс.** Каникул жоспарының орындалуы | 1-11 сыныптар | Ұйымдастыру жұмыстары | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ, сынып жетекшілер |
| 2. | **«Ұлттық теңге-мақтанышымыз»**<br>15 қараша - Ұлттық валюта күні; | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 3. | **«Теңге-ұлттық табыстың кепілі»** интеллектуалды сайыс | 7-8 сыныптар | Интелектуалды сайыс | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | Аға тәлімгер<br>Мектеп парламенті |
| 4. | 20 қараша – Балалар құқығы туралы Конвенция күні<br>**«Балалардың қауіпсіздік айлығы», «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн»** | 1-11 сыныптар | Жоспар , іс-шаралар | Жоспар, есеп | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>психологтар<br>сынып жетекшілері |
| 5. | **«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** акция<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-11 сыныптар | Акция | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>психологтері,<br>мектеп парламенті, |
| 6. | **«Біздің отбасымыздың салт-дәстүрлері»**<br>(1-2 сыныптар)<br>**«Ата-анама хат»**<br>(3-4 сыныптар)<br>**«Қақтығысты жағдайларды шешудің конструктивті жолдары»** (5-7 сыныптар)<br>**«Агрессияның орнына эмпатия»**<br>(8-9 сыныптар)<br>**«Зорлық-зомбылықсыз үй»** (10-11 сыныптар)<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 7. | **Музафар Әлімбаев 100 жыл** | 7-11 сыныптар | Танымдық сағат | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, аға тәлімгер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | **«Мейірімділік құндылығы»** | 8ә | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сарсимбаева А.К. |
| 8. | **Жоғары оқу орны өкілдерімен кездесу ұйымдастыру<br>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 7-11 сынып оқушылары | Кездесу | Анықтама | ҚР ОМ | Кәсіптанушы |
| 9. | **«Көркем мінез»** | 2 «Ә» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Румова Д.Т. |
| 10. | **«Салт-дәстүрім-асыл қазынам!»** | 3 «А» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Абуева Р.Т. |
| 11. | **«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»** | 5 «А» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Амиржанова Н.С. |
| 12. | **«Электронды шылым:Вейп»**<br>Алдын алу профилактикасы | 7-11 сыныптар | Кездесу , әңгіме | Хаттама | ҚР ДСМ | Әлеуметтік ұстаз |
| 13. | **«ЖИТС – қауіпті дерт»<br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы** | 5-11 сыныптар | Айлық | Жоспар | ҚР ОМ<br>ҚР ДСМ | ӘҰ, сынып жетекшілер |
| 14. | **«ЖИТС – қауіпті дерт»<br>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы** | 7-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ<br>ҚР ДСМ | ӘҰ, сынып жетекшілер |
| 15. | **«Менің болашақ мамандығым»** болашақ мамандық таңдауға бағыттада білім алушыларға арналған TEDx алаңы «Еңбегі адал жас өрен» жобасы | 10-11 сыныптар | TEDx алаңы | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарийі | ҚР ОМ | Кәсіптанушы |
| 16. | **«АСЫҚ АТУ» челленджі** | Бастауыш, 5-6 сыныптар | Ойын | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>Дене шынықтыру мұғалімдері |
| 17. | **«Төрт тоқсан – төрт өнер»<br>«Алтын сақа» ұлттық ойындар** | 1-11 сыныптар | Ұлттық ойындар | Анықтама | ҚР ДСМ, ҚР ТСМ | Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері |
| 18. | **«Әжемнің әңгімесі»<br>«Әже даналығы» секциясы** | 3-4 сыныптар | Дөңгелек үстел | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарийі | ҚР ОМ | 4-сынып жетекшілері<br>«Даналық мектебі» аясында |

**ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

*16-17 желтоқсан -Тәуелсіздіктің 32 жылдығы*

**Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | **«Жемқорлық – індет, жою – міндет»**<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 2. | **«Кеммін деме, теңмін де»**<br>(3 желтоқсан мүгедектер күні) | 1-4 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 3. | **«Денсаулық және дұрыс тамақтану»** ашық тәрбие сағаты<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 6ә | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Исина Ә.С. |
| 4. | **«Тәуелсіздік-ең басты құндылығымыз»**<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 8-11 сыныптар | Гимназия ардагерлерімен кездесу | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | 8 сыныптар |
| 5. | **«Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі»** бірыңғай сынып сағаттары<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 6. | **«Отан- оттан да ыстық»** ашық тәрбие сағаты **«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 3 «Б» сынып | Ашық сынып сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Кабланова Ә.А. |
| 7. | **«Бес нәрсеге асық бол...»**<br>Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-6 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | 5-сыныптар |
| 8. | **«Нақыл сөздер айдары»** | 5-11 сыныптар | Нақыл сөздер | Анықтама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер<br>мектеп парламенті |
| 9. | **«Құқықтық жауапкершілік»** пікірталас<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 8-11 сыныптар | Пікірталас | Анықтама | ҚР ОМ | «Адал ұрпақ» ұйымы<br>Дебат министрлігі |
| 10. | **«Тоғыз ай – тоғыз іс-шара»**<br>**Шығарма жазу: Болашаққа хат**<br>**13.12.2023 сағ 12.00** | 8-11 сыныптар | Шығарма жазу | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО ,қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»** Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 5-6 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |
| 12. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»** **«Электронды темекі:Вейп»** Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 7-11 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |
| 13. | **Қыздардың репродуктивті денсаулығы, ерте жүктілікті алдын алу «Жеткіншектің жеті жарғысы»** | 7-11 сынып оқушылары | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ,психологтар |
| 14. | **«Қош бол, Әліппе!» ашық тәрбие сағаты** | 1 сыныптар | Ашық тәрбие сағаттары | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ. | Сынып жетекшілері |
| 15. | **«Жас ұлан, мектеп парламенті» рейді** Оқушылардың оқу құралдары және жалпы тазалығы, киім киісі бойынша рейд | 5-11 сыныптар | Рейд | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер Жас ұлан ұйымы, мектеп парламенті |
| 16. | **« Қош келдің, Жаңа жыл!»** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 17. | **«Таңғажайып әлем!»** | 1-8 сыныптар | Жаңа жылдық ертеңгіліктер | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер |
| 18. | **« Жаңа жыл кеші көңілді!»** | 9-11 сыныптар | Жаңа жылдық ертеңгіліктер | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | 10 сыныптар, мектеп парламенті |
| 19. | **Әкімнің, Президенттің шыршасына жіберу** | 1-11 сыныптар | Бұйрық | Хаттама | ҚР МАМ | Әлеуметтік ұстаз |
| 20. | **Қысқы демалыс.** Каникул жоспары. **«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы **«Қауіпсіздік»** журналы **«Қысқы каникулда өмір қауіпсіздік ережелері»** Жасөспірімдер инспекциясымен бірлескен құқық бұзушылықтың және діни-экстремизмнің алдын алу мақсатында сыныптарда түсінік жұмыстарын жүргізу, қолхаттар алу | 1-11 сыныптар | Қолхат алу, жоспар құру жұмыстары | Жоспар, қолхат | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер Әлеуметтік ұстаз Сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ➢ *Қысқы демалыс* | **ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы** | | | | | |
| | **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)** | | | | | |
| 1. | **Қысқы демалыс.** Каникул жоспары. | 1-11 сыныптар | Ұйымдастыру жұмыстары | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер Әлеуметтік ұстаз Сынып жетекшілер |
| 2. | **«Біз мықтымыз»** қысқы эстафета «Ұлттық мектеп лигасы» | 7-8 сыныптар | Спорттық сайыс | Анықтама | ҚР ОМ | Дене /ш мұғалімдері, мектеп парламенті |
| 3. | **«Сыбайлас –жемқорлыққа жол жоқ.» «Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 4. | **«Ғасырдың дара перзенті»** Дінмұхамед Қонаев туғанына 112 жыл **«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 5. | **«Тоғыз айға – 9 іс-шара» 26.01.2024 сағ 12.00 «Қазақ есебі»** | 1-11 сыныптар | Есеп шығару | Анықтама | ҚР МАМ, ҚР ОМ | ДТІЖО, математика пәнінің мұғалімдері |
| 6. | **«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 7«Ә» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Жакупова Ә.Ж. |
| 7. | **«Ұлттық мұраны , қазақ тілін ұлықтау» «Ұрпаққа аманат» жобасы** | 8«А» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Амиржанова С.Д. |
| 8. | **«Дәстүр-дәулетім, салтым-санам»** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 9. | **«Ұлттық ойындар-ұлтымыздың құнды мұрасы»** «Ұлттық мектеп лигасы» | 1-4 сыныптар | Ұлттық ойындар | Анықтама | ҚР ОМ | Дене шынықтыру мұғалімдері Мектеп парламенті |
| 10. | **«Отбасылық таланттар»** «Ата-аналар мектебі» жобасы | 5-7 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарині | ҚР ОМ | 6 сыныптар |
| 11. | **Аталар өсиеті** | 1-2 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарині | ҚР ОМ | 2-сынып жетекшілері «Даналық мектебі» аясында |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ** | | | | | | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)** | | | | | | |
| 1. | **«Ауған соғысының қаһармандары»** тақырыбында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кешін өткізу. 15 ақпан- Кеңес әскерінен Ауғанстаннан шығарылған күні.<br>**«Ұрпаққа аманат»** жобасы | 7-10 сыныптар | Кездесу кеші | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | 7 сыныптар, АӘД ұстазы Кущугулов А.Е. |
| 2. | **«Ер бала – ел намысы»** әскери қызметкерлермен кездесу<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 7-11 сынып ұлдары | Дөңгелек үстел | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | АӘД мұғалімі, кәсіптанушы |
| 3. | **«Жас ұлан, мектеп парламенті» рейді**<br>Оқушылардың оқу құралдары және жалпы тазалығы, киім киісі бойынша рейді | 5-11 сыныптар | Рейд | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер, Жас ұлан ұйымы, мектеп парламенті |
| 4. | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-11 сыныптар | Ақпарат бөлісу, маманмен кездесу | #біртұтас_ тәрбиехештегі | ҚР ОМ | ДТІЖО, ӘҰ, АӘД мұғалімі |
| 5. | **«Ұлтқа қызмет ету мінезден»**<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 9 сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Чужеева С.Қ. |
| 6. | **«Мейірім шуағы»** қайырымдылық акциясы 10.02-10.03. «Өмірге Иә деп айт!» Республикалық ақпараттық науқан | 1-11 сынып оқушылары | Қайырымдылық акциясы | Хаттама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер, сынып жетекшілер, ӘҰ |
| 7. | **«Мейірімділік »** | 1-11 сынып оқушылары | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағаты жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 8. | **«Отбасылық дәстүрлер»** отбасы құндылықтарын насихаттау | 1 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | ДТІЖО, «Даналық мектебі» аясында 1 сыныптар |
| 9. | **«Армансыз адам-қанатсыз құспен тең»** | 10 «А» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Телекеева Ә.С. |
| 10. | **«Ел болашағы-рухы биік ұрпақ»** | 10 «Ә» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Кулибекова Ә.Қ. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | **15 ақпан -Шәкен Аймановтың 110 жылдығы «Кино әлемінде»** | 7-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер |
| 12. | **«Төтенше жағдайлардың алдын алу»** | 1-11 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағат жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 13. | **«Нақыл сөз айдары»** | 5-11 сыныптар | Нақыл сөздер | Анықтама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер, мектеп парламенті |
| 14. | **Әбілхан Қастеев 120 жыл** | 7-11 сыныптар | Танымдық сағат | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер |
| 15. | Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту **«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5-11 сыныптар | Ақпараттық сабақ | Анықтама | ҚР ОМ | Каршалова Ә.С |
| 16. | **«Тоғыз айға – тоғыз іс-шара»** **«Оқуға құштар мектеп» челленджі 28.02.24ж Сағ 12.00** | 1-11 сыныптар | Кітаптар көрмесі, оқу сағаттары | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, кітапханашы, Сынып жетекшілер |
| 17. | **«Оқуға құштар бала»** әдеби-шығармалар (халық ертегілері мен аңыздары, дастандары мен өлең-жырлары) сайысын өткізу. **«Балалар кітапханасы»жобасы** | 5-7 сыныптар | Іс--шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ОМ | 5а,ә Қалықова Ы.Б. Аманжол Зағыпар |
| 18. | **«Адалдық - адамдықтың белгісі»** Жеткіншектің жеті жарғысы | 8-10 сыныптар | Танымдық сабақ | Жоспары | ҚР ОМ | «Адал ұрпақ» клубы құқық фракциясы |
| 19. | **«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту»** **«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 20. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»** Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 5-6 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |
| 21. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»** **«Электронды темекі:Вейп»** Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 7-11 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ ҚР, ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Наурыз – Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы**<br>1 наурыз – Алғыс айту күні<br>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні<br>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы<br>27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні | | | | | | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)** | | | | | | |
| 1. | **Алғыс айту күніне акция ұйымдастыру «Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-11 сыныптар | Акция | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер, психологтар, мектеп парламенті |
| 2. | **«Отбасылық дәстүрлер»** отбасы құндылықтарын насихаттау, әлеуметтік медиачеллендждерді ұйымдастыру | 1-4 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарийі | ҚР ОМ | ДТІЖО,аға тәлімгер «Даналық мектебі» аясында |
| 3. | **«Ана – гүл, ана – өмір шуағы!»** іс-шара «Ата-аналар мектебі» жобасы | 7-11 сынып оқушылары ұжым | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарийі | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер , өнер студиясы |
| 4. | **«Ана – гүл, ана – өмір шуағы!»** «Ата-аналар мектебі» жобасы | 1-11 сынып | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 5. | **«Ана-тіршіліктің тірегі !»** «Ата-аналар мектебі» жобасы | 1-4 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарийі | ҚР ОМ | 4 сыныптар |
| 6. | **«Ал, қанекей, қыздар!»** | 5-7 сыныптар | Сайыс | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарийі | ҚР ОМ | 6 «А», «Ә» сыныптар |
| 7. | «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» «Домбыра Party» челленджі **17.03.2024 сағ 12.00** | 1-11 сыныптар | Челлендж | Анықтама | ҚР МАМ | Музыка пәнінің мұғалімдері, оркестр |
| 8. | **«Төрт өнер – төрт тоқсан» Ұлттық өнер** | 1-11 сыныптар | Қолөнер | Анықтама | ҚР МАМ, ҚР ОМ | Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері |
| 9. | **16 наурыз – Жүсіпбек Аймауытов 135 жаста** | 7-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | Наурыз мерекесіне орай этноауыл ұйымдастыру<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-11 сыныптар | Мерекелік іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер , өнер студиясы |
| 10. | **«Қош келдің, әз Наурыз!»**<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 1-4 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 11. | **«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз»**<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 5-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 12. | **«Бала және театр» қойылым** | 5-11 сыныптар | Қойылым | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР МАМ, ҚР ОМ | Аға тәлімгер, мектеп парламенті |
| 13. | **Көктемгі демалыс.** Каникул жоспары.<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы<br>**«Көктемгі каникулда өмір қауіпсіздік ережелері»**<br>Жасөспірімдер инспекциясымен бірлескен құқық бұзушылықтың және діни-экстремизмнің алдын алу мақсатында сыныптарда түсінік жұмыстарын жүргізу, қолхаттар алу | 1-11 сыныптар | Қолхат алу, жоспар құру жұмыстары | Жоспар, қолхат | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>Әлеуметтік ұстаз<br>Сынып жетекшілер |
| **СӘУІР–ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**<br>➢ *12 сәуір -Ғылым күні* | | | | | | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)** | | | | | | |
| | **20 сәуір – Әлия Молдағұлова 100 жаста. Ерлік сабағы** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР МАМ | Сынып жетекшілер |
| 1 | **«7 сәуір – дүниежүзілік денсаулық күні»** дене жаттығулары фестивалі<br>**«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы** | 7-11 сыныптар | Фестиваль | Анықтама | ҚР ДСМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>Дене шынықтыру мұғалімдері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз»**<br>**«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ДСМ | Сынып жетекшілер |
| 3 | **12 сәуір - Ғылым күні**<br>**«Балалар кітапханасы» жобасы** | 1-11 сынып | Акция | Анықтама | ҚР ЖБҒМ | ДТІЖО, аға тәлімгер мектеп парламенті |
| 5 | **«Сафуан Шаймерденов мұрасы – ұрпаққа өнеге»** бірыңғай сынып сағаттары<br>**Балалар кітапханасы»жобасы** | 1-11 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 6 | «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде **«Менің әкем – жақсы адам»**<br>«Ата-аналар мектебі» жобасы | 1-11 сыныптар | Бейнероликтер жәрмеңкесі | Бейнероликтер | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер сынып жетекшілер |
| 8 | **«Ғылым таппай мақтанба...» ашық тәрбие сағаты**<br>**«Балалар кітапханасы»жобасы** | 6а | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Кусаинова А.Қ. |
| 9 | **«Ар-ұят және жауапкершілік» ашық тәрбие сағаты**<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 5ә | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | Капарова А.А. |
| 10 | **«Төрт тоқсан – төрт өнер»**<br>**«Туған өлкем» іс-шаралары** | 1-11 сыныптар | Іс-шаралар | Анықтама | ҚР ЭТРМ, ҚР ТСМ | ДТІЖО, аға тәлімгер сынып жетекшілер, география пән мұғалімдері |
| 12 | **Тоғызқұмалақ, шахмат ойнау челленджі. (9 айға – тоғыз іс шара) 12.04.2024 сағ 12.00** | 1-11 сыныптар | Челлендж | Анықтама | ҚР ТСМ, ҚР ДСМ, ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер Дене шынықтыру мұғалімі, сынып жетекшілер |
| 13 | **Бір шаңырақ астында** | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 14 | **«1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні»** салтанатты сап түзеу<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 5-11 сыныптар | Сап түзеу | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер музыкалық студия |
| 15 | **«Достық»** акциясы | 5-11 сыныптар | Акция | Анықтама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер, мектеп парламенті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14. | **«Нақыл сөздер айдары»** | 5-11 сыныптар | Ұлағатты сөздер айдары | Анықтама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер, мектеп парламенті |
| 15. | **Қаныш Сатбаев** | 7-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер |
| 16. | **«Әкелер күні»** халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» **«Ата-аналар мектебі» жобасы** | 1-4 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | 3-сыныптар «Даналық мектебі» аясында |
| 17. | **Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жыл** | 7-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер |
| 18. | Музыкалық студияның есеп беру концерті | Музыкалық студия оқушылары | Мерекелік концерт | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ<br>ҚР МАМ | Өнер студиясы |
| 19. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»** Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 5-6 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |
| 20. | **Халел Досмухамедовтың 140 жыл** | 7-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер |
| 21. | **«Ішкі тәртіп»,«Буллинг»,«Кибербуллинг»** **«Электронды темекі:Вейп»** Зорлық, зомбылықты, құқықбұзушылықты алдын алу | 7-11 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ<br>ҚР ҚМ | ДТІЖО, аға тәлімгер ӘҰ, мектеп инспекторы, психологтар |
| 22. | **«Жас ұлан, мектеп парламенті» рейді** Оқушылардың оқу құралдары және жалпы тазалығы, киім киісі бойынша рейд | 5-11 сыныптар | Рейд | Анықтама | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер, Жас ұлан ұйымы, мектеп парламенті |
| 23. | **«Сафуантану»** мәнерлеп оқу сайысы **«Балалар кітапханасы»жобасы** | 1-11 сынып оқушылары | Мәнерлеп оқу сайысы | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | Қазақ тілі мұғалімдері |

## МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- *1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *9 мамыр-Жеңіс күні*
- *31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін жән ашаршылық құрбандарын еске алу күні*
- *Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165жыл*

**Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | **«Тоғыз айға – тоғыз іс-шара»**<br>**«Жасыл мекен» челленджі**<br>**12.05.2024ж сағ 12.00**<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 1-11 сыныптар | Ауланы көгалдандыру | Анықтама | ҚР ЭТРМ | ДТІЖО, аға тәлімгер сынып жетекшілер, |
| 2. | **Іляс Жансүгіров 130 жыл** | 7-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Сабақ жоспары | ҚР МАМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер |
| 3. | **«Бауыржан ұландары»** парад<br>5-11 сыныптар<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 5-11 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ҚМ<br>ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>АӘД ұстазы<br>Кущугулов А.Е.<br>Дене шынықтыру мұғалімдері |
| 4. | Ұлы Отан соғысының 79-жылдық мерекесіне байланысты<br>**«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»**<br>«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы | 1-11 сыныптар | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 5. | Ұлы Отан соғысының аяқталуына 79-жылдық мерекесіне байланысты **«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»** атты мерекелік концерт.<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 8-11 сыныптар | Мерекелік концерт | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарии | ҚР ҚМ<br>ҚР ОМ | 8 «А», «Ә» сыныптар, өнер студиясы |
| 6. | **«Отан отбасынан басталады»**<br>*15-мамыр-Халықаралық отбасы күні*<br>**«Ата-аналар мектебі» жобасы** | *1-11 сыныптар* | Бірыңғай сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 7. | **«Қамқор әке-бақытты бала»**<br>**«Ата-аналар мектебі» жобасы** | 1-4 сыныптар | Іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ | ҚР ОМ | 3 «А», «Ә», «Б» сыныптар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | **Халықаралық отбасы күні**<br>**«Денсаулық FEST»**<br>**«Ата-аналар мектебі» жобасы** | Ата-аналар | Эстафетталық сайыстар | Сайыс жоспары | ҚР ОМ | ДТІЖО, дене/ш мұғалімдері «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секциялары |
| 9. | **Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл**<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы** | 7-11 сыныптар | Танымдық сағат | Сабақ жоспары | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер |
| 10. | **«Қоғам игілігіне қызмет ету»**<br>**«Ұрпаққа аманат» жобасы**<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 11 «Ә» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ҚМ<br>ҚР ОМ | Қожахметова Ә.К. |
| 11. | **«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»**<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 11 «А» сынып | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ҚМ<br>ҚР ОМ | Ахметова К.Е. |
| 12. | **Бастауышпен қоштасу** | 4 сыныптар | Ашық тәрбие сағаты | Ашық тәрбие сағатының жоспары | ҚР ОМ | 4 «А», «Ә», «Б» сыныптар |
| 13. | **«Сыңғырла, соңғы қоңырау!»** атты тақырыпта соңғы қоңырау мерекесін өткізу | 1-11 сыныптар | Мерекелік концерт | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарині | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер, 11 сынып жетекшілері, сынып жетекшілер |
| 14. | **Жазғы демалыс.** Каникул жоспары.<br>**«Қауіпсіздік»** журналы<br>**«Жазғы каникулда өмір қауіпсіздік ережелері»**<br>Жасөспірімдер инспекциясымен бірлескен құқық бұзушылықтың және діни-экстремизмнің алдын алу мақсатында сыныптарда түсінік жұмыстарын жүргізу, қолхаттар алу<br>**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы | 1-11 сыныптар | Қолхат алу, жоспар құру жұмыстары | Жоспар, қолхат | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер<br>Әлеуметтік ұстаз<br>Сынып жетекшілер |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **МАУСЫМ** | | | | | | |
| Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан) | | | | | | |
| 1 | **«Көңілді жаз-2024» сауықтыру алаңының жұмысы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары** | 1-4 сыныптар | Лагерь жоспары | Жоспар, есеп | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер әлеуметтік ұстаз |
| 3 | **«Аттестат тапсыру» 11- сынып түлектерінің салтанатты кешін өткізу** | 11 сыныптар | Салтанатты кеш | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий | ҚР ОМ | ДТІЖО, аға тәлімгер 11 сынып жетекшілері, әлеуметтік ұстаз, мектеп инспекторы |
| 4 | **Қала сыртындағы және басқа облыстардағы лагерьлерге оқушыларды шығарып салу** | - | Лагерь | Хаттама | ҚР ОМ | Әлеуметтік ұстаз (кестеге сәйкес) |

*Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасын шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.*

Іс-шараларды әлеуметтік желіде белгілеу: **#біртұтас_тәрбиехештегі**

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ҚР ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
ҚР ЕХӘҚМ – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
ҚР АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
ҚР ЖБҒМ – Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
ҚР МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;
ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
ҚР ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
ҚР СЖҚІА – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;
ҚР ТСМ – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі;
ҚР ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;
ҚР ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы
ҰБА – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.